

ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИННІҢ «КӨШПЕНДІЛЕР» ТАРИХИ ТРИЛОГИЯ РОМАНЫНЫҢ ОРЫС ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУЫ

*Айдана Талапқали, 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Л.Мұсалы*

Қазақ әдебиетіндегі ірі туындылардың бірі «Көшпенділер» - Ілияс Есенберлиннің тарихи эпопеясы. Бұл шығарма – қазақтың сан қилы, қиындыққа толы, алсып – жұлысып өткен заманды сипаттаған күрделі де ауқымды туынды. Шығармада халқымыздың сол кезеңді қалай өткізгенін, сұлтандардың хан тағына, хандардың Ұлы Қыпшақ даласына ие болып қалудың сан түрлі амалын ойластырып таласқаны көрсетіледі. Шығарма кейіпкерлері – негізінен, тарихи тұлғалар, Шыңғысхан дәуірінен басталып Кенесарымен аяқталатын қазақ мемлекетінің бастау көзі мен қиын-қыстаулы тағдыр-талайының басында тұрған хандар тізбегі, ел мұңы мен арман-тілегінің хабаршысы – ақын-жыраулар, ел мен жер үшін, ұрпақ болашағы үшін жан аямай шайқасып, Отанын қорғай білген арыстан жүрек, атан жілік батырлар. Бұлар – ел есінде аттары жатталып, тарихта қалған, өмірде болған тұлғалар.

Жазушы Ілияс Есенберлин өзінің тарихи трилогиясында қазақ елінің XV-XIX ғ.ғ. тәуелсіздік үшін табанды күресін көркем суреттейді. Осы жолдағы қыруар қиындықты, ішкі қайшылықтарды, адами қатынастарды, олардың әрекеті мен мінез-құлықтарын, сырт жаулармен шайқаста шыныққан бірлікті, дәстүрді, салт-сананы көрсетеді. Тарихи жазба деректерге, шежіре мағлұматтарына, аңыз әңгімелерге сүйене отырып, қаламгер қазақ халқының тарихының аса маңызды тұстарын ашып, көптеген тарихи қайраткерлердің көркем тұлғасын жасайды.

Романның басты идеясы — қазақ руларының бірлесу, бір хандықта ынтымақ құру мәселелері.

Шығармада басты қаһарман Әбілхайырдың, сондай-ақ Жәнібек, Мұхаммед Шайбани, Бұрындықтардың, тағы басқа тарихта болған қайраткерлердің бейнелері жасалған. Автор олардың күрделі тұлғаларын бойындағы қайшылықтарын ашып көрсету береді. Мәселен, Әбілхайыр, бір жағынан, айлакер, ақылды айбарлы ел басшысы болса, екінші жағынан, өз мақсаты жолында ешбір арамдық, азғындықтан тайынбайтын мейірімсіз, қандықол. Оның жүздеген жылдарға созылып, әріден келе жатқан Шыңғыс ханның үрім-бұтағының озбырлық саясатын жалғастырушы екенін де автор

жасырмайды, хан екен деп, орынсыз дәріптемейді. Қалың әлеумет адамдары да романның басты идеясын ашуда елеулі қызмет атқарады. Мәселен, Асан Қайғының Бердібек пен Әбілхайырға айтатын қатал сын сөздері, Әбілхайырдың Керей мен Жәнібек елін шабам деген екпінінің қол астындағыларының қолдамауынан су сепкендей басылуы сияқты көріністер бұған айғақ.

Мұнда халықтың жақсы қасиеттерін бойына дарытқан Қобыланды, Қазтуған, Саян, Орақ секілді кейіпкерлер романның идеялық жүгін едәуір көтеріп тұр. Мәселен, Қазтуған мен Қотан ақындардың айтысы арқылы роман бүкіл қазақ даласының тарихи көрінісін, шежіресін береді, халықтың сан ғасырлық өмірін, күрестерін, олардың сыры мен сипатын айтады.

Бәрінің көксеген мүддесі қазақ елін бөлшектеп бөліп, әлсіретіп, қансыратып, талан-таражға салу, өз билігін жүргізу екенін жазушы ашып көрсетеді. Мәселен, Қоқан, Хиуа хандықтарына ұзақ уақыт тәуелді боп тұрған оңтүстік қазақтарының ауыр жағдайы, Ташкенттің құшбегі Бегдербектің жәрдем сұрап барған Есенкелді, Саржанды қасындағы нөкерлерімен бірге опасыздықпен өлтіріп жіберетін суреттер тарихи шындықтарға негізделген.

Романда Кенесары бейнесі тарихи толық мазмұнда көркем сомдалған. Автор оның жеке басындағы ерлік пен парасаттың үйлесімін шебер аңғартады. Мысалы, Саржан мен Есенкелдінің құшбегі Бегдербек қолынан қапыда мерт болғанын естіп, "Ташкентті шабу керек" деген Қасым төренің кеңесін іштей қабыл көрсе де, соғысқа шығуға ертерек екенін түсініп, жоспарды кейінге қалдырады. Кенесарының Ақмола бекінісін алғанда көрсеткен ерлігі де әсерлі. Кенесары бастаған қозғалыстың белгілі батырлары — Ағыбайдың, Иманның, Төлебайдың, Басықараның, Жанайдардың, Бұхарбайдың эпизодтары да олардың батырлық бейнесін айқындай отырып, Кенесары тұлғасын толықтыра түседі.

Көшпенділер трилогиясы жай ғана тарихты баян ететін шығарма емес, сонымен қоса бұл жерде қазақтың тыныс-тіршілігі, салт-дәстүрі көрініс тауып, басынан кешкен алуан түрлі оқиғалары, аумалы-төкпелі заманның қиындықтары ашықтан-ашық суреттеледі. Тарихи оқиғалармен қатар, намыс, махаббат, сыйластық, жек көру, ар-ұят сынды ұлы сезімдер де көрініс тапқан. Бұл шығарманың әсерлігі қаламгердің шындықты жазуында. Көшпенділер тарихи трилогиясы – тұнып тұрған байлық, қазақтың әдебиет қоржынына келіп сайған ерекше бір кесек туындысы, асыл мұрасы. Мұндай шығарма

өткенді көз алдына әкеліп, бабаларымыздың басынан өткен күндерімен, бетпе-бет келген қиыншылықтарымен таныстырып, тарихта болған нақты оқиғалар мен ғұмыр кешкен тұлғалармен хабардар етеді.

Керемет туындыны шет ел тіліне аударылып, әлемнің өз тарихымен таныстырылуы, әлем әдебиетінде қазақ әдебиетінің шығармаларының елеулі де беделді орынға ие болуы қажет дүние. Әйтсе де, аудару мәселесі оңай жұмыстардың бірі емес. Әсіресе, сөз Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы жайлы болған кезде.

Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» романын танымал жазушы Морис Семашко аударып бітіп, 1986 жылы роман жарыққа шықты. Орыс тіліне аударылып, үлкен еңбек атқарылды. Түпнұсқаны білмей, аударманы оқысаң бәрі дұрыс секілді. Алайда, «Көшпенділер» романының қазақша нұсқасымен бұрыннан таныс болғаннан кейін, орысшасын оқып қалған кезде кейбір жерлерінде ішің күйеді. Жақсы аударылған десек те, кей жерлеріндегі түгелімен тасталып кеткен абзацтар, орындары ауысып кеткен жайттар мен араласып кеткен сөйлемдер кез болады. Кейбір өрескел қателер бірден ап-анық болып көзге түседі.

Түпнұсқа мәтін	Аударма мәтін
<p>Осы арада олар аман қалған руларын жинап, көшпелі мемлекет – Жоңғар хандығын құраған. <u>Бір мың алты жүз отыз төртінші жылы</u> бұл хандықтың қонтайшысы боп Хара Хұла батырдың баласы Батур сайланған. Бұл қонтайшының маңына енді Енисей, Ертіс өзендерінің жағасын жайлаған моңғолдың басқа да ұсақ рулары жинала бастады. Өстіп Жоңғар хандығы үлкен күшке айналған. Ол өзінің ордасын Зайсан көлінің жағасына көшірген. Дәл қасында пйда бола қалған жауынгер мемлекетке қытай саясатшылары енді қобалжи қарады...</p> <p><i>Батур қонтайшы өзі өлгенше орыс</i></p>	<p><u>С 30-х годов XVI века ойротские контайчи, осевшие в горах Тарбагатая, в пойме реки Или и по берегам озера Зайсан, уже что ни год совершают кровавые набеги на казахские и киргизские кочевья. Положение еще больше ухудшилось, когда здесь образовалось большое Джунгарское ханство, объединившее вокруг себя некогда разрозненные племена и роды. Во главе его стал верховный контайчи Батур — сын Хара-Хулы. Свою ставку он расположил севернее озера Зайсан, в верховьях Иртыша. Ему удалось распространить свое влияние на многие западномонгольские племена, и Джунгарское ханство стало силой, всерьез</u></p>

патшаларымен тату бола отырып, Жоңғар хандығын күшейтуді арман етті. Батур негізгі саясатын қытай боғдыхандарының ақылымен Оңтүстік Сібір мен қазақ жерін алуға құрды. Алдымен ол Тәуекел ханмен, соңынан Есім ханмен сан айқасты, бірақ дегеніне жете алмады.

Батур өлгеннен кейін оның орнын үлкен ұлы Сэнгэ, содан кейін кіші баласы Қалден басты. Қалден Қытай императорының жарлығы бойынша осы кезде бас көтеріп ереуілге шыққан, өздерімен қандас Шығыс Моңғолияның орта шарқы руларын аямай қырды. Бұл ара енді құлазыған қу далаға айналды. *Сөйтсе де, жоңғардың қарақұрым боп өсіп келе жатқан мал басына жайылым тағы таршылық етті. Сонда барып Қалден Жоңғар хандығына Қалқа өңірін қосып алып, кеңейтпек болды. Осы саясатпен ол қонтайшы ордасын Іле өзенінің жағасынан Тувадағы Хемчик өзенінің бойына, соңынан Қобда өзенінің төменгі сағасына көшірді. Бұл кезде Жоңғар хандығына Тібіт, Енисей өзенінің өңіріндегі қырғыз рулары мен бүкіл Алтай тауының аймағы кірді. Осыншама жерге қожса болған Жоңғар қонтайшысы енді Қалқаны да қосып аламын деп жорыққа аттанды. Бірақ Қытайдың Манчжур (Цин) хандығынан жеңіліп қап, Қалқаны Қытай алды. Осы жорықтан тұрмастай болып күйреген Қалден өзін өзі бауыздап өлтіреді.*

обеспокоившей китайских политиков.

После смерти Батура, не раз сталкивавшегося с Тауекель-ханом, а затем и с ханом Есимом, Джунгарией стал править сначала один сын — Сэйгэ, а затем другой — Галден. По приказу китайского императора он жестоко расправился с поднявшими восстание родственными восточномонгольскими племенами. Монголия обезлюдела после его кровавого карательного набега. Но потом Галден-контайчи сам огрызнулся в сторону Китая. Он перенес было свою ставку к китайским рубежам и захотел вернуть захваченные китайцами монгольские земли. Наголову разбитый во много раз превосходящими силами Поднебесной империи, Галден-контайчи зарезался...

--	--

Жіберілген қателіктер:

1. Түпнұсқа мәтіндегі курсивпен берілген бөліктері аудармада жоқ, яғни абзац толығымен аударылмаған.
2. «Бір мың алты жүз отыз төртінші» деп берілген нақты жыл жалпыланып, ал одан бұрын үлкен қате: түпнұсқада бір мың алты жүз отыз төртінші жыл = 1634 жыл, ал «С 30-х годов XVI века» дегені 1534 жылға айналып кеткен.

Енді бір жеріне көңіл бөлсек:

Түпнұсқа мәтін	Аударма мәтін
<p>Үстеріндегі сауыттары, асынған қару-жарақтары күнмен шағылысқан осынау топтың ішінен үш-төрт әйел көзге түседі. Әсіресе, ортада келе жатқан, бүкіл Дешті Қыпшақ жеріне әйгілі, «Ортеке» деп ат қойылған күлсары сайгүлік мінген жас әйел таңғажайып салтанатымен анандайдан-ақ көздің жауын алады. Астындағы сайгүлік жүйрігінің ат-әбзелі, жүген-құйысқаны, өмілдірігі – бәрі сары алтынмен апталған. Әйелдің үстінде <i>алтын жіппен зерлеген сарғылт дүрия қысқа шапан</i>, басында сүйір ұшты құндыз бөрік. <i>Шалбарының етегі де алтын оқамен әдіптелген</i>. Кеудесіндегі гауһар таспен безелген алқасы көзді шағылыстырып күн сәулесімен ойнайды. <i>Алыстан-ақ бұл әйел қалың көкпек арасындағы сарғалдақтай, көзді тартады</i>. Өзі де мейлінше сұлу, жаңа туған ай секілді жіңішке қасын сүрмелеп тастаған. Ұзын шаштарын жиырма-отыз сала етіп, ұп-ұсақ етіп өрген. <i>Бір өзінің түр келбеті бүкіл әлемге сән бергендей</i></p>	<p>Три или четыре женщины виднелись в этой блестящей толпе. Все взоры притягивала к себе одна из них, одетая лучше всех и сидящая на золотом гультары-ахалтекинце, известном всей степи и носящем имя Ортеке, что значит «Танцующий тур». <u>Красота ее ослепляла всех мужчин вокруг, и каждый хотел попасться ей на глаза.</u> Это была четвертая жена Абулхаира — дочь великого ученого, султана Улугбека, внука Тимура. Рабиа-султан-бегим <u>звали ее и говорили, что нет на земле красивее женщины.</u> Вся в золоте была она, и седло, чепрак, уздечка, стремяна тоже были из литого золота. Колебался от встречного ветра <u>султан</u> на остроконечной шапке, отороченной выдрой, блестело под солнцем, переливаясь всеми цветами, дорогое ожерелье, но еще прекраснее казалось светлое чистое лицо с выписанными месяцем тонкими бровями и черным водопадом закрученных в бесчисленные косички волос...</p>

осынау салтанатты әйелді көрген адам «бұл жалғанда мұндай жан жаратылмас» деп ойларлық. Бұл – Әбілқайыр ханның төртінші әйелі, <i>атақты ғалым – Самарқант ханы Ұлықбек</i> мырзаның қызы Рабиу-Сұлтан-Бегім сұлу еді.	
--	--

Жіберілген қателіктер:

1. «Жас әйел таңғажайып салтанатымен анандайдан-ақ көздің жауын алады» дегенді орыс тіліне «Красота ее ослепляла всех мужчин вокруг, и каждый хотел попасться ей на глаза» деп аударған. Түпнұсқада еркек атаулының қызыққаны, ханымның көзіне түскісі келгендігі жайлы сөз болмайды. Мағына қатты бұрмаланған.
2. «Бір өзінің түр келбеті бүкіл әлемге сән бергендей осынау салтанатты әйелді көрген адам «бұл жалғанда мұндай жан жаратылмас» деп ойларлық» дегенді «... и говорили, что нет на земле красивее женщины» деп аударған. Жалпы алғанда, сөйлем мағынасы өзгере қоймағанмен, түпнұсқадағы әдемі сөйлем өз сәнін жоғалтып, қысқарып, қарапайым ғана сөйлем болып қалған.
3. Аударма мәтіндегі соңғы сөйлемде Рабиу-Сұлтан-Бегім сұлуды жай ғана «султан» дей салған, оқыған кезде ер адам секілді қабылданады.
4. Түпнұсқа мәтіндегі курсивпен ерекшеленген сөйлемдер мүлдем аударылмаған.

Мысал келтірілген жерлер тек кейбірі ғана. Аударылған мәтінді талдап, салыстырып, қателіктерін көрстеу аудармашыны сынап, күйе жағу мақсатым емес. Тек қазақ халқының ірі туындыларының бірі болған бұл шығарманы бөтен жұрттар қазақ тілінің жұтаң емес, бай екендігін, терең тарихы бар екендігін білмей қалуынан қорқамын. Аудармасымен ғана танысып шыққан оқырман, негізінде түпнұсқа мәтіннің аудармадан әлдеқайда күрделі, әлдеқайда оралымды екенін қайдан білсін? Маңызды емес деп түсініп, керек емес деп алып тастап, өз тарапынан қосып, мағынасын бұрмалап, кесек-кесек абзацтарды түсіріп жібергенде ол Ілияс атамиздың «Көшпенділері» болады ма? Тек осы шығарма емес, жалпы қазақтың кез-келген шығармасы өзінше керемет, өзінше ерекше. Менің ойымша, аударма жасалғаннан кейін, оны бірнеше рет әртүрлі адамның көз алдынан өткізіп, талай сынды өткергеннен кейін, қате жерлері болса, түзеткеннен кейін ғана баспаға шығару керек.